

Меңгеруші жанындағы кеңес

№ 1 Хаттамасы

10.09.2021ж

Қатысқандар: 21

Күн тәртібінде:

- 1.Тіл мерекесіне арналған апталықтың іс шаралары жөнінде
- 2.Жалпы ата аналар жиналысына дайындығы туралы.
3. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы .Шолу тексеру қорытындысы.
- 4.«Алтын күз» мерекелерінің сценарийлерін бекіту.
5. Кіріс құжаттарын талқылау.
- 6.Түрлі мәселелер.

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі С Отарова сөз алды.

-Құрметті әріптестер 2021-2022 жаңа оқу жылы құтты болсын. Елімізде орын алған пандемияға байланысты бір жыл карантинде үйде отырдық. Ол күндер артта қалсын.Еліміз тыныш,ел жұртымыз аман болсын.Барлығыңызға жаңа оқу жылында жаңа шығармашылық табыстар тілеймін деді меңгеруші. Бүгін меңгеруші жанындағы кеңестің №1 отырысы 2021-2022 жаңа оқу жылының басты міндеттемелері: «Денсаулық» және «Қатынас» білім салалары екендігін білеміз. Стандарт бойынша бес білім облысын балаларға үздіксіз үйрете отырып, аталған жоба бойынша тереңдетілген білім мен тәрбие беруіміз керек. Демек, құрметті тәрбиешілер сіздер бала өмірін балабақшада таңертеңнен кешке дейін ұйымдастыруда осы екі білім саласы бойынша жұмыс жасаймыз. Бұл жерде білім мен тәрбие берудің барлық тиімді әрекеттері қамтылуы тиіс.

Екінші мәселе жалпы ата аналар жиналысы жөнінде балабақша меңгерушісі С Отарова сөз алды. Ол өз сөзінде жалпы ата аналар жиналысын бір күнді белгілеп өткізуіміз керек. Ондағы біздің мақсатымыз ата аналар комитетін құрып,жаңадан келген балалардың ата аналарымен танысып балаларға бес білім саласы бойынша білім беретіндігіміз жайлы айтуымыз керек және елімізде болып жатқан пандемияға байланысты карантин талаптарын қатаң орындауымыз қажет.

Үшінші мәселе меңгеруші топтардың жаңа оқу жылының дайындығына шолу тексеру қортындысын айтып өтті. – Құрметті әріптестер мен біршама топтарға шолу жасап шықтым.Топтардағы көрнекі құралдардың сапасы өте

аз. Үлестірмелі материалдар біршама жасалған. Дегенмен әлі де жасау керек. Дамыту орталықтары әлі де толықтырылмаған.

Сөз сөйлегендер: Ж Темирова өз тобындағы дамыту орталықтарының толықтырылып жатқандығы жайлы айтты. Тәрбиеші Г. Бейбітова өз тобында жемістерден үлестірмелі материалдар дамытып жатқандығын айтты. Алдағы уақытта яғни қазан айында

«Алтын күз» мерекесіне арналған іс шаралар өткізуіміз керек. Міне осы іс шараларға кең көлемде дайындық жүргізіліп сценарийлері бекітілуі керек. Ол іс шараға ата ана қатыстыра алмаймыз. Онлайн режимде балалардың өнерлерін түсіріп жібереміз. Көпшілік адам жинай алмаймыз. Карантин талаптары солай.

Бесінші мәселе кіріс құжаттарын талқылау жөнінде С. Отарова сөз алды. Ол өз сөзінде аудандық білім бөлімінен келіп жатқан кіріс құжаттары жөнінде біршама тоқталып, олардың орындалып жатқандығын айтып өтті.

Түрлі мәселелерге келетін болсақ деді меңгеруші балабақшадағы қызметкерлердің формалары жайлы айтылды. Елімізде болып жатқан пандемияға байланысты карантин талаптарын қатаң сақтауымыз керек.

Шешімі:

1. Жалпы ата аналар жиналысы 27—қыркүйек күні онлайн режимде өтілсін.
2. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы шолу тексеру қортыныдысы қанағаттанарлық.
3. «Алтын күз» мерекесіне арналған сценарий бекітілсін.
4. Кіріс құжаттары дер кезінде орындалсын.



Меңгеруші жанындағы кеңес

№ 2 Хаттамасы

05.11.2021ж

Қатысқандар: 21

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. «Алтын күз» мерекелерінің сценарийлерін талқылау.
3. «Тәуелсіздік күні» мен «Жаңа жыл» мерекелерінің сценарийін бекіту.
4. «Балалардың тілдерін дамыту барысында сөздік ойындар пайдалану деңгейі». Тақырыптық тексеру қорытындысы.
5. Кіріс құжаттарын талқылау.
6. Түрлі мәселелер.

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі С.Отарова сөз алды. Бірінші мәселе бойынша ол кісі өткен кеңес шешімдеріне тоқталып өтті. Өткен кеңес шешімдері ойдағыдай орындалып жатыр.

Екінші мәселеге тоқталып өтсем таяуда болып өткен «Алтын күз» мерекесі. Бұның ішінде «Алтын күз» мерекелік іс шараны ересек топ тәрбиешісі Г.Бейбітова алдын ала дайындалды.

Сахналық топтың безендірілуі сәнді мәнді болған. Бүлдіршіндер мерекеге сай киінген. Балалар мерекенің мағыздылығын түсіне білді. Барлығы Қазақстан Отан, туған жер тақырыбында тақпақтарын жақсы айтып шықты. Тәрбиеші сұрақтар беру арқылы балалардың ойлау қабілеттерін аша білді. Көкөністер жайлы көрме ұйымдастырған. Ойындар өте қызықты өтті. Балалардың жүздерінен ұуанышты сезімдері байқалды. Ал енді кемшіліктерге тоқталып өтсем, концерттік бағдарлама ретінде құрылған. Қыздарымыз бен ұлдарымыз күзгі сән үлгісін көрсетіп көрермендерді таң қалдырды. Жалпы алғанда күз мерекесі өз дәрежесінде жақсы өтті. Дегенмен кемшіліктер жоқ емес.

Үшінші мәселе «Тәуелсіздік күні мен Жаңа жыл мерекелерінің сценарийлерін бекіту туралы балабақша меңгерушісі С Отарова сөз алды. Ол өз сөзінде мерекені ойдағыдай өтуді талап етті. «Тәуелсіздік мерекесі мен Жаңа жыл мерекесі «ауқымды өтілуі тиіс деді. Биылғы жыл Тәуелсіздігімізге 30 жыл толып жатыр сондықтанда ауқымды кең көлемде атап өтуіміз керек. Төртінші мәселе бойынша меңгеруші С Отарова балалардың тілдерін дамытуда сөздік ойындар пайдалану деңгейі жақсы деді. Өйткені тәрбиешілер балаларды ойыншықтырдың өлшемін, түсін салыстыруға ойында қолданылатын заттар мен құрылыс материалдарының пішіндерін дұрыс атауға үйретіп ойын арқылы тілдерін дамытып жатыр. Балаларға дидактикалық ойындар қолданып жатыр. Тәрбиешілерге көп ізденіс жасап, одан әрі ойындар қолданып, балалардың тілдерін дамытуда аянбай еңбек етулеріңізге тілектеспін.

Бесінші мәселе бойынша меңгеруші кіріс құжаттарының дер кезінде орындалып жатқандығы туралы айтып өтті.

Алтыншы мәселе түрлі мәселелерге тоқталып ішкі еңбек тәртібін сақтауымыз керек деді меңгеруші. Карантин талаптарын қатаң сақтауымыз керек. Педагог тәрбиешілер формамен жүру керек. Алдымыздағы балаларға қарап, ең бастысы балалар аман болсын.

Шешімі:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық.
2. «Алтын күз» мерекесін жүргізген Г.Бейбітоваға өте жақсы деген баға берілсін.
3. «Тәуелсіздік күні» мен «Жаңа жыл» мерекелерінің сценарийін бекітілсін.
4. Балалардың тілдерін дамыту барысында сөздік ойындар пайдалану деңгейі. Тақырыптық тексеру қорытындысы жақсы деп бағалансын.
5. Карантин талаптары қатаң сақталсын.

Төрайымы :  С.Отарова
Хатшы :  Ж.Темирова



Меңгеруші жанындағы кеңес

№ 3 Хаттамасы

14.01.2022ж

Қатысқандар: 21

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. «Тәуелсіздік күні» мен «Жаңа жыл» мерекелерін талқылау
3. Аралық мониторинг қорытындысы
4. Түрлі мәселелер.

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі С Отарова сөз алды. Ол өз сөзінде өткен кеңес шешімдерінің орындалуы жөнінде тоқталып өтті. Оқу процесінің бір сарынды өтіп жатқандығы айтылды.

Екінші мәселе бойынша меңгеруші С Отарова сөз алды. Ортаңғы топ тәрбиешісі Г Бейбітова «Тәуелсіздікке -30жыл» атты мерекелік іс шара өткізді. Бұл іс шара жөнінде айтатын болсам Ж Темирова дайындығына көңілім толмады. Өйткені тәрбиеші дайындалуын дайындалған ,көрнекіліктері бар ,бірақ та тәрбиешінің тіл байлығы аз,әдістемелік қабілеті төмен,балаларды өзіне мүлдем баурай алмады. Балалар қалай болса солай отырды. Балалар тақпақтарын айтып жатты,би биледі. Бірақ тәрбиеші көп ізденбеген күнделікті оқу қызметі сияқты өтті. Сондықтан тәрбиеші Г Бейбітоваға қанағаттанарлық деген баға берілді. Кіші топ тәрбиешісі Г.Құттымуратова «Ойыншықтар дүкені» атты ашық оқу қызметін өткізді. Тәрбиешінің дайындығы жақсы деп айта аламын ,бірақ бірақ біршама кемшіліктер болды. Тәрбиешінің жан жақты дайындалғаны көрініп тұр. Балалардың барлығы оқу қызметіне қызығушылықпен қарады. Көрнекіліктерді кеңінен пайдалана білді. Тәрбиешінің іс тәжірибесі аз болғандықтан жақсы деп бағалаймын.


Ал енді « Жаңа жыл» мерекесіне келетін болсам балалардың қуаныштарында шек болмады. Тәрбиешілердің сценарийлері жақсы құрылған. Мерекеде «Санта клаустар биі өте керемет шықты.Кемшіліктерге келер болсам,біздің тәрбиешіреіміздің тіл байлықтары әртістік қабілеттері төмен. Сонымен қатар ата аналармен жақсы қарым қатынас бар,тіл тауып сөйлесу керек. Сонымен қатар музыкалық бағдарламада арада үзіліп қалып техникалық ақаулар болып жатыр. Жалпы айтқанда дайындалған еңбектеріңізді жақсы көрсете

алмадыңыздар.

Үшінші мәселе бойынша аралық мониторинг туралы балабақша әдіскері сөз алды. Аралық мониторинг қортындысы туралы айтар болсам тәрбиешілер жарты жылдық мониторинг балалардың білім деңгейін анықтады. Балалардың білім деңгейлері төмендеу. Оқу жылының соңына дейін балалардың білім деңгейін көтеру керек. Тәрбиешілер осы мониторингтің диагностикасын шығарып қою керек. Келесі мамыр айында осы диагностикады білім деңгейінің көтерілгендігін тексереміз. Келесі мәселе бойынша С.Отарова түрлі мәселелерге тоқталып өтті. Тәрбиешілер педагог ретінде форма кию керек. Дамыту орталықтарын стандартқа сай толықтыру керек. Ата аналармен қарым қатынасты кеңейту керек. Карантин талаптарын орындалуы керек.

Шешімі:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық.
2. «Тәуелсіздік күні» мен «Жаңа жыл» мерекесінің қорытындысы бойынша тәрбиешілерге қанағаттанарлық деген баға берілсін.
3. Аралық мониторинг қорытындысы қанағаттанарлық.
4. Тәрбиешілер топтардағы дамыту орталықтарын одан әрі толықтырсын.

Төрайымы :  С.Отарова
Хатшы :  Ж.Темирова



Меңгеруші жанындағы кеңес

№ 4 Хаттамасы

03.03.2022ж

Қатысқандар: 20

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Сегізінші наурыз, наурыз мерекелерінің сценарийін бекіту.
3. Таңертеңгі жаттығуда спорттық құралдарды қолдануды жоспарлау және пайдалану . Тақырыпты тексеру қорытындысы.
4. Түрлі мәселелер.

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі С Отарова сөз алды. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы жөнінде тоқталды.. Балаларға арналған дамыту орталықтары толықтырылып жатыр.


Екінші мәселе бойынша ортаңғы топ тәрбиешісі Ұ.Бимбетова сөз алды. Сегізінші Наурыз аналар мерекесіне орай топтарда мерекелік ертеңгіліктер болады. Балалардың жастарына сай әндер мен билер алынды. Тәрбиеші сөз алды. Балалардың өз қолдарымен жасаған аналарына деген сыйлықтары да бар. Аналарға арнап әндер айтылады.

Меңгеруші С Отарова сөз алды. «Менің анам ең қымбат бәрінен» тақырыбындағы мерекелік ертеңгілігімізді әрбір ана мерекелік көңіл күйде қайтуы керек. Топтағы барлық бала өнер көрсететін болсын. Өйткені аналары өз балаларының өнерлерін көруге келеді. Сахна мерекеге сай безендірілсін. Балаларға сахнаға шығу мәдениеті үйретілсін деді. 22- наурыз қазақ халқының жаңа жылы екенін бәріміз білеміз. Ұлыстың ұлы күні наурыз көже пісіріледі. Ақ дастархан жайылып, ұлттық тағамдар қойылады. Қазақ халқының ұлттық билері, әндері шырқалып, ұлттық ойындар ойналысын. Салт дәстүр бұрышын дайындау керектігі айтылды. Сценарийлермен танысып меңгеруші С Отарова бекітті. Оқу тәрбие жұмысын бақылау мен басқару бөлімінде жоспарланған «Таңертеңгі жаттығуда спорттық құралдарды қолдануды жоспарлау және пайдалану» тақырыбында тақырыпты тексеру жүргізілді. Барлық топта спорттық құралдарды қолданып жатыр деп айта аламын. Әсіресе ортаңғы топ тәрбиеленушілері қызығушылықпен қарайды, жаттығуды орындайды. Топтарда резеңке доптар, ленталар, жалаушалар бар. Бірақ сонда да велосипедтер, секіртпелер қажет.

Соңғы мәселе түрлі мәселелерге тоқталды. Тәрбиешілерге атаналармен тығыз байланыста болу керектігі және тәрбиешілер балалардың киіміне тазалығына көбірек көңіл бөлу керектігі айтылды.

Шешімі:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық.
2. Сегізінші наурыз, наурыз мерекелерінің сценарийлері бекітілсін.
3. Таңертеңгі жаттығуда спорттық құралдарды қолдануды жоспарлау және пайдалану. Тақырыпты тексеру қорытындысы қанағаттанарлық деген баға берілсін.
4. Тәрбиешілер ата аналармен тығыз байланыста болсын.

Төрайымы :  С.Отарова
Хатшы :  Ж.Темирова



Меңгеруші жанындағы кеңестің

№5 хаттамсы

02.05.2022

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңесің шешімдерінің орындалуы жөнінде.
2. 8-наурыз, Наурыз мерекесін талқылау
3. Балалардың гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Тақырыпты тексеру қорытындысы.
4. 1-мамыр,9-мамыр мерекелерін бағдарламасын бекіту.

1. Тыңдалды: балабақша меңгерушісі С Отарова өткен кеңестердің шешімдерінің орындалуы және халықаралық әйелдер күніне арналған, Наурыз мерекесіне арналған іс-шараларға тоқталып, бағалап өтті. Халықаралық әйелдер күніне арналған мереке жақсы өтті. Аналар құрметіне арналған өлеңдерін, әндерін билерін орындап, аналарымыз бен әжелерімізге жақсы көңіл күй сыйладық. Балаларымызда зор қуанышқа бөленіп, ән айтқанда тақпақтарын айтқанда аналарына қарап күлімсіреп айтып, би-билегенде шаттанып қарап, мақтаныш пен қуанышқа аналарымыз бөленді.

Балалар үшін де ата-аналардың қатысуы үлкен қуаныш, батылдық сыйлап өзін-өзіне сенімді болуына әсер етеді. Жалпы безендірілу бәрі жақсы өтті.

Ал жыл басы Наурыз мерекесіне тоқталсақ, сіздерге көп рахмет нағыз мерекені сезіндік. Жайма шуақ көктемнің күні, далада ұлттық ою өрнектер мен қол өнер бұйымдары ұлттық мәдениетімізді, насихаттау мақсатында ұйымдастырылған сайысқа ата-аналарда ұйымшылдықпен қатысты. Ал салт дәстүріміз, ойындар балалардың өнері тіптен жандандырып жіберді. Балалар сахнаға емін-еркін шығып, ата-аналар сүйсіне қарады. Сазгердің ұйымдастырушылық жұмысына рахмет айтып алғыс жариялаймын деді.

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі С Отарова сөз алды: Бақылаумен басқару жоспары бойынша балалардың гигиеналық шараларға ұйымдастырылуын ортаңғы, ересек топтардағы тексеру қорытындысымен таныстырып өтті. Балалардың өмірін ұйымдастыру және тәрбиелеу кезінде мақсаттарымыздың бірі балаларды тұрмыстағы мәдени-гигиеналық дағдыларға, салауатты өмір салтына жағдай туғызу, тазалық пен ұқыптылыққа қанағаттану сезімін тәрбиелеу, ересектер нұсқауына зейінді болуға үйрету және басының тазалығын сақтауды қадағалау.

Ортаңғы топ тәрбиешісі: Г.Бейбітова балалар қолдарын жуып жеңдерін түріп, қолдарын өз сүлгісімен сүртінеді, қайта іліп қояды, тазалығы, тамақтануға әрекеттенеді, серуеннен келген аяқ киімдерін шешіп өз орнына қояды.

Ұсыныс: тамақтанып болған соң ауыз қуысын шаюды қадағалау, тамақтану кезінде салфетка пайдалануға үйрету, 2-жастан 3-4 ай асқан бала киімдерінің түймелерін ағытуды білуі қажет.

Ұсыныстар: Дәретханадан, көшеден келген соң қолдарын жууы, тісін тазалауы өз еркімен орындауы, киіміндегі кемшіліктерді туырлауы.

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі С Отарова 9-мамыр жеңіс күніне; 1-мамыр ынтымақ күніне арналған мерекелер бағдарламасымен танысып өтті. Топтардан жинақталған концерттік бағдарламада отан, бейбітшілік, ынтымақтастық, достық, туралы тақырыптар әндер мен билер болуы тиіс.

Шешім:

1. Өткен кеңестердің шешімдерінің орындалуы қадағалансын.
2. Тексерудегі ұсыныстар оқу тәрбие жоспарларына енгізіліп, жүргізілсін.
3. 7-мамыр, 9-мамыр жеңіс күні бағдарлама бойынша 6 мамыр күні өткізілсін.



Меңгеруші жанындағы кеңестің

№ 6 хаттамсы

12.06.2022

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы жөнінде
2. 1-9 мамыр Жеңіс күні мерекесін талқылау
3. Жазғы сауықтыру шараларын бекіту
4. №1 пед. кеңеске дайындық жөнінде
5. Жөндеу жұмыстарын талқылау

1. Тыңдалды: Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде балабақша меңгерушісі С Отарова сөз алды: Балалардың денсаулығын нығайтуда ата-аналармен біріге отырып жұмыс жүргізейік. Баланы тазалыққа, салауатты өмір салтына тәрбиелейік. Кіші топтың балаларына жақсы күтім жасалуы тиісті. Балалардың танымын арттыруға серуеннің маңызы, рөлі зор. Өздері көріп бақылап, ұстап көреді. Құмға су құю, ауланы тазарту жұмыстарына тартып еңбек ұйымдастырамыз. Жазғы табиғат құбылыстары сумен ойын, зерттеу, шомылу балаларға ұнайды. Ойнай отырып, танымдары артады. Сабын көпіршіктерімен, суға бататын, батпайтын заттар, бәрі оларға қызық. Әрбір серуенді қызықты өткізуді жоспарлауды тапсырамын. Жаз мезгілі өте қызық өтетін ай.

2. Тыңдалды: 9-мамыр «Жеңіс» күніне арналған іс-шаралардың талқылануы жөнінде балабақша меңгерушісі: Н.Арапова тоқталды: ауыл ардагерлерімен өткен мерекелік іс - шара орта деңгейде өтті деп ойлаймыз. Ардагерлер бүлдіршіндердің өнерін көріп, тамашалап қуанып, еліміздің келешек ұрпақтарымыз өнерлі, білімді, тәрбиелі болып өсіп келе жатқанына ризамыз – деп, ризалығын білдірді. Бүлдіршіндеріміз Отан туралы әндер, тақпақтар, айтып өнерлерін ортаға салды. Өздеріне сенімді, сөздері анық, мәнерлеп айтты.

Сөйлегендер: Тәрбиеші Г Құттымуратова -өткен мерекеден соң балалардың да алған әсері мол, отанға, жерге деген құрмет, патриоттық сезім қалыптасады деп ойлаймын.

3. Тыңдалды: Меңгеруші С Отарова сөз алды, онда жазғы маусымға арналған іс – шаралар жөнінде айтып өтті:

- Таңертеңгілік жаттығулар.
- Ауа ваннасы.
- Жалаңаяқ жүргізу барлық топта
- Түскі ұйқыдан соң жылы және салқын су құйып шынығу (+38 +28)
- Эстафеталық жарыстар

- Сонымен бірге балаларды жаттығылуларды дербес орындауға , ойынға

дайындауда қажеті жерлерін ақтап,сырлап жөндеу жұмыстарын жүргізуіміз қажет.Жөндеу жұмыстары кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтауларыңызды талап етемін деді.

4. Қажетті жерлерге жөндеу жұмыстары жүргізілсін. Жауапты: Ұжым

Төрайымы :  С.Отарова
Хатшы :  Ж.Темирова